

Жобаның аты: ИРН

АР23489001 «Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жануарларының оппортунистік микоздарының жаңа қоздырғыштарының генетикалық мониторингі және патогенділігін талдау».

Өзектілігі:

Соңғы жылдары жануарлардың оппортунистік микоз қоздырғыштарымен зақымдануы, әсіресе әкелінетін мал арасында көбейді. Көбінесе микоздарды емдеу әдістері мен құралдарымен қажетті нәтиже бермейді. Жануарлардың аурулары салмақ пен өнімділіктің төмендеуіне, өнім сапасының нашарлауына әкеледі.

Жоба шеңберінде зең және ашытқы микоздарының жаңа қоздырғыштарын анықтау және Қазақстанда ауыл шаруашылығы жануарларының аурушаңдығына генетикалық мониторинг жүргізу жоспарлануда.

Жобаның негізгі идеясы Қазақстанда айналымдағы оппортунист-микроспорицет түрлерін белгілеу, қоздырғыштардың биологиясын зерттеу, оппортунистік микоз қоздырғыштарының антимикотиктерге төзімділігін талдау, деректер базасын құру мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларының (жылқы, ірі қара, қой, ешкі, түйе) оппортунистік микоз қоздырғыштарының патогенділігі мен таксономиялық тиесілілігінің факторларын анықтау болып табылады.

Мақсат:

Жобаның мақсаты – молекулалық генетика және биоинформатика әдістерін қолдана отырып ауыл шаруашылығы жануарларының шартты микоздармен сырқаттануына генетикалық мониторинг жүргізу, Солтүстік және Орталық Қазақстан аймағындағы жануарлардағы шартты-зең және ашытқы микоздарының қоздырғыштарының спектрін талдау және анықтау, патогенділік факторларын және микроспорицеттердің антимикоздық препараттарға төзімділігін анықтау.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

Жоба аяқталғаннан кейін:

- ауыл шаруашылығы жануарларының оппортунистік микоздарының жаңа қоздырғыштарын анықтап, мәдени-морфологиялық және молекулалық-генетикалық сипаттау жүргізілді;
- жаңа қоздырғыштардың биологиялық қасиеттеріне, таксономиялық тиістілігіне, патогенділігі мен вируленттілігіне талдау жасалды;
- оппортунистік саңырауқұлақтардың антимикотиктер мен саңырауқұлаққа қарсы препараттарға сезімталдығы мен төзімділігіне мониторинг жүргізілді;

- белгілі референттік аналогтармен сәйкестікті анықтау әдісімен алынған нуклеотидтер тізбегіне биоинформатикалық талдау жүргізіп, ағаштардың филогенетикалық құрылысы бойынша;
- микроорганизмдер коллекциясында жаңа қоздырғыштарды паспорттау және сақтау;
- Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы жануарларының оппортунистік зең және ашытқы микоздарының қоздырғыштарының генетикалық мониторингі;
- мақалалар жарияланды, 1 әдістемелік ұсыныс, 1 анықтамалық жарық көрді, жариялауға 1 монография дайындалды, 1 енгізу актісіне қол қойылды.

Зерттеу тобының мүшелері:

Жоба жетекшісі Елена Владимировна Кухар, доцент, биология ғылымдарының докторы, h-index-2, ветеринария, ветеринариялық микология және биотехнология саласындағы маман, 27 жыл ғылыми еңбек өтілі.

Scopus авторының идентификаторы: 57195366128

(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57195366128>);

Researcher ID Web of Science: AAW-9334-2020

(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2063285>),

Researcher ID Web of Science: P-7713-2017

(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/P-7713-2017>);

ORCID: orcid.org/0000-0003-3794-434X

(<https://orcid.org/0000-0003-3794-434X>).

Зерттеу тобы:

Бас ғылыми қызметкер Владимир Сергеевич Киян, PhD, доцент, h-index – 6, молекулалық және жасушалық биотехнологиялар, ветеринариялық және медициналық микология саласындағы маман, ғылыми жұмыс өтілі 16 жыл.

Scopus авторының идентификаторы: 6701646393

(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701646393>),

Researcher ID: O-7403-2017

(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/170871>),

ORCID: 0000-0001-9787-9151

(<https://orcid.org/0000-0001-9787-9151>).

Жетекші ғылыми қызметкер Смагулова Айнура Муратовна, биология ғылымдарының кандидаты, h-index-3, жасушалық инженерия, иммунология және молекулалық генетика, ветеринариялық және медициналық микология саласындағы маман. Ғылыми еңбек өтілі 11 жыл.

Scopus авторының идентификаторы: 57213811809

(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57213811809>),

Researcher ID: P-7618-2017

(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1254752>),

ORCID: 0000-0002-3067-3666
(<https://orcid.org/0000-0002-3067-3666>).

Аға ғылыми қызметкер Уахит Рабиға Сейтбатталқызы, техника ғылымдарының магистрі, биотехнология мамандығы бойынша, паразитология, молекулалық биология және биоинформатика саласының маманы, h-index-3.

Scopus Author ID: 57226673682
(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57226673682>),
Researcher ID: IWU-6560-2023
(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/IWU-6560-2023>),
ORCID: 0000-0001-7737-7162
(<https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0001-7737-7162>).

Ғылыми қызметкер Байлина Гүлшат Есімжанқызы, биотехнология мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі, ветеринария мамандығы бойынша докторант, Микология және микробиология саласындағы маман, h-индексі – 0.

ORCID: 0000-0002-3119-6208
(<https://orcid.org/0000-0002-3119-6208>).

Кіші ғылыми қызметкер – Тұрсынқұлов Спандияр Ахайдарұлы, ветеринариялық дәрігер, ветеринария ғылымдарының кандидаты, h-индексі-1, ветеринариялық микробиология, иммунология, эпизоотология, микология және жануарлардың инфекциялық патологиясы саласындағы маман.

Scopus Author ID: 58131479800
(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58131479800>)
Researcher ID Web of Science: HTF-3187-2023
(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/HTF-3187-2023>)
ORCID: 0000-0003-1036-7001
(<https://orcid.org/0000-0003-1036-7001>)

Кіші ғылыми қызметкер – Джазина Карина Турлебекқызы, «Ветеринариялық биотехнология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі, молекулалық биология саласындағы маман, h-индекс – 0.

Scopus Author ID: 58757364300
(<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58757364300>)
Researcher ID Web of Science: KSB-3777-2024
(<https://www.webofscience.com/wos/author/record/58858430>)
ORCID: 0009-0001-8858-0753
(<https://orcid.org/0009-0001-8858-0753>)

Лаборант – Талғатқызы Нұрханым, ғылым магистрі, «Биотехнология» мамандығы, h-индекс-0.

ORCID: 0009-0009-4544-8013

(<https://orcid.org/0009-0009-4544-8013>)

Лаборант – Несипбаева Азиза Ерлановна, магистрант, h-индексі – 0.

ORCID: 0009-0008-4261-7611

(<https://orcid.org/0009-0008-4261-7611>).

Потенциалды қолданушыларға арналған ақпарат:

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат:

Қазақстанда алғаш рет сәйкестендірудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, оппортунистік микоздарға мониторинг жүргізіледі, микоз қоздырғыштарының жаңа түрлері белгіленеді, ветеринариялық мамандар мен ғылыми қызметкерлерге оларды диагностикалау бойынша әдістемелік құралдар әзірленеді.

Ғылыми өнімнің мақсатты тұтынушылары Микология саласындағы проблемалармен айналысатын мемлекеттік және жеке ветеринариялық және медициналық мекемелер, сондай-ақ елдің ғылыми-зерттеу мекемелері болады.